

## Ұлы жүректі, ізгі ниетті жан



Сәби болып өмірге келген жерім қасиетті Жайық толқынының үні естіліп тұратын, шағаласы шулаған, ақ балығы тулаған Ганюшкино елді мекені еді. Қыз бала «жат жұрттық» дегендей, мен отау құрып, киелі де, қасиетті Маңғыстауда өсіп-өніп, балаларымды өмір жолына жетелеген ұстаз-Ана болсам да, әр жылғы демалысымда туған мекеніме қанат байлап жететінмін. Мүмкін, мені онда өзіне тартып тұратын жандардың барлығынан болар. Жер қойнында жатқан анамның бейіті, ел шетіне жау келгенде кеудесін отқа тосқан майдангер әкем бейіті өткен өмірінің белесіндей..... Біздің шаңырағымыз текті, ордалы шаңырақ болатын. Әкем Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ері, елге сыйлы азамат Жодығұлов Шоқырай, анам өмірге 13 ұрпақ өкелген батыр ана Құсайынқызы Жаннат еді. Анамыз өмірдің қызығын көре алмай, менің 4 жасымда, 52 жасында келмес сапарға аттанған. Соңында 60-тың асқарына келген әкем бала-шаға мен тағдыр сынына амалсыз көніп, қала берген. Үлкен апамыз Бақыт студенттік кезінің соңғы жылдарында тұрмысқа шығып кеткенмен, марқұм Боранбай жездем екеуі бізге жетімдік көрсетпей, аялап жоғары білім алуымызға көмектесіп, той жасауын жасасып, аяқтануымызға үлестерін қосып, бізді өз балаларымызмен тең көріп, қамқор болды. Үлкен ағамыз Есенаман анамыз қатты ауырып жатқан кезде, жастай үйленіпті. Себебі, артындағы бауырларының салмағын көтеріп, еңбекке ерте араласып, отбасының тірлігіне кірісуі керек болған. Ер адам тәртіпті болғанмен, сезімтал бола алмайды ғой. Біздің бағымызға Марфуға жеңеміз мейірімді, қайырымды жан болды. Марфуға жеңемізге біз риза едік. Бірақ, тәңір ісі — жаны жайсаң, қарт әкемді балаша мәпелеп, қажыған көңілін жадыратқан, «Ақ батасын алып, елге сыйлы келін атанған қайран жеңем де бақиға аттанды. Бүгін жүрегімді толқытқан ойымды қағаз бетіне түсіруіме себепші болып отырған, бізге жетімдіктің уын татқызыбай, қатарымыздан кем қыламай, аялап өсірген аяулы апам Мақыш жайлы болатын. Бүгінгі таңда Ганюшкин елді мекенінің сыйлы да, абзал жаны Мақыш апам 25-ші ақпанда 70 жасқа толғалы отыр. Қызыл желекті қыз орамалымен есепші болып бастаған еңбек жолын — ақ кимешекті, ақ әже болғанша жалғастырып, адал еңбек етіп, елдің еңбек ақысын есептеп, қолына ұстатып, елге шаттық сыйлаған жан. Елдің апам құрмет көрсетуінің басты себебі — оның қарапайымдылығы, адалдығы, кең пейілділігінен шығар. Апам өз отбасына аяулы жар, ардақты ана, аяулы әже. Әлемнің жарығын маған анам сыйласа да, мына өмірдің қызығын, аналық мейірімді де маған сыйлаған Мақыш апам болатын. Тамақтың дәмдісін аузыма тосып, киімнің әдемісін кигізген, еркелеткен де Мақыш апам еді. Мақыш апамның ізгілікке толы жүрегінен, сарқылмас мейірімінен нәр алып өскесін бе, әйтеуір — балалық шағымды ойласам, есіме Мақыш апам түседі. Себебі, апам өзінен кейінгі бауырларын отбасымен бірге қамқорлап, біздің қызығымыздың да, шырғиымыздың да қақ ортасында жүрді. Апамыздың біздің жаралы жүрегімізге жанжылуын сыйлап, осыншама қамқор бола алуы - теңі Сары Ысық, Сарсенбай жездемнің де кең пейілді жан екендігінің куәсі. Себебі, жездем де бізді өз әкеміздей аялаған болатын. Мақыш апам айттар тілегім: Ұлдарыңыз Сарсенбай жездемдей ұлы жүректі, елге сыйлы азамат болсын. Келіндеріңіз Сәния да дәл өзіңіздей жүрегі ізгілікке толы, бауырмал, мейірімді келін болып, аман жүргей! Ақботадай аяулы сіңім де жоғары білімді болып, елге сыйлы шаңырақ иесі, бақытты жан болғай! Жездем екеуіңіз ұлдарыңыздың және Ақботаңыздың амандығын, бақ-дәулетін, абыройын, кең пейілін, немере-шөберелерді, жиен-жиеншарларды қызықтап, ғасыр жасап: «Ғасыр-Ата, Ғасыр-Әже» болғайсыздар! Сіздерге ең ұзақ жас, қадірлі қарттықты төңірден тілеймін!

Барлық бауырларыңыздың атынан: сіңліңіз Мағия



Құрметті ардагер ұстазымыз Рупан НӘЖІМҚЫЗЫ!

**Сізді мерейлі 75 жасыңызбен құттықтаймыз!** Сыйластық ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді дәріптей білген сізге құрметіңіз зор. Ұстаздық істе абырой биігінен көрініп, баршаңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді таныттыңыз. Өміріңізге барша жарық дүние шапағатын, зор денсаулық, баянды бақыт, мейірім мен қуаныш тілейміз! **Ігі тілекпен, Н.Манаев атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы және кәсіподақ ұйымы**

## Қымбатты әкеміз Айтжанов Еділбайды мерейлі 90 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Зор қуаныш сыйлаған думан бүгін, Әкешім құтты болсын туған күнің. Тоқсан жасқа бүгінде толып жатсың, Осы сізге арнаған жүрек жырым.

Арқалап жеткіздіңіз бізді өмірде, Тілерім теңіздей мол тілегімде. Қуаныштар жалғассын қуанышқа, Орыныңыз әрқашан төрімізде.

Тоқсан жас та кеп жетті көктеммен, Анамыз да ертерек кетті өмірден. Бұл өмір думан толы мейрамы мол, Қуаныштар жаудырсын әрі күнімен.

Отбасының темірдей тірегісіз, Арқа тұтар бәйтерек жүрегісіз. Мейірім тола жүрегің ақ әкешім, Алатаудай биіксіз біздер үшін.

Отбасы аман болса жадыраған, Болсын деп отыратын халқым аман. 90 жас шапағатын төге берсін, Күн нұрындай жүзіңіз жарқыраған.

Немерелер қызықтап қуанышын, 90-ның берсін Аллама бұла күшін. 100 жасты ұлы тойды біз тілейміз, Құтты болсын 90 жас ұлы ағыстың.

Ізгі тілекпен, ұрпақтары



## Аса қадірлі Мария МҰХТАРҚЫЗЫ! Сізді сәнді де сәулетті 80 жасыңызбен шынайы ықылас-ниетімізбен қызу құттықтаймыз!

Сіз осынау елеулі белеске кемелденіп келдіңіз. Саналы ғұмырыңызды адам жанына араша болуға арнаған Сіз сан жүз адамның жанарларын жарқыратып, алғыс арқалап, зор сый-құрметке бөлендіңіз.

Еселі еңбегіңізбен, адами асыл қасиеттеріңізбен ерекшеленген сіз ағайын-туыс, дос-жолдас, жұмыстастар, көрші-көлем ортасында үлкен беделге ие болып келесіз.

Сонымен қатар, сіз Ғасыр әже атанған ардақты анаңыздан алған тәлім-тәрбиенің тағлымын ұрпақтарыңызға дарытып, оларды онегелі де өрелі етіп өсірдіңіз. Бұл күнді сіз немере-жиендеріңіздің шуағына шомылып, шаттанудасыз. Ұзағынан сүйіндіргей. Сеңгірлі сексен, толықсан тоқсанға, анаңыздың жасына жос болғай.

Жанарларға жарық беріп шуақты, Талай жаңды ұзағынан қуанттың. Арқалаған алғыстарын көп болып, Жүре бергін патикалы, қуатты.

Тілейміз басыңызға амандықты, Жаратқан бермегей тек жамандықты. Шаттанып ұрпақтармен, дос-туыспен, Жүріңіз сау-саламат, аман мықты.

Ізгі ниетпен, «Азан-қазан», «У-шу»



Қымбатты Ханафия СОЦИАЛҚЫЗЫН 26 ақпанда толатын 60 жасыңызбен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, Шайхолла екеуіңіз ұрпақ қызығын көріңіздер. Шаңырақтарыңыз бақ-берекеге толысын.

Аға-жеңге Хаттар-Мария

## Құрметті Гаухар СИҒУАТҚЫЗЫ!

Сізді мерейлі жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз! Арман-мақсатқа жетелеген еңбекпен өрілген өмір жолымен бүгінгі шуақты жасқа жетіп отырсыз. Жаныңыз нәзік болса да, азаматтық белсенділігіңіз, еңбекқорлығыңыз арқылы кәсіпкерлік салада биік шыңдарды бағындырып келесіз. Ауданымыздың іскер ханымдары арасында жетістікке жетіп, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесіңізді қосып жүргеніңізді ризашылықпен айта аламыз.

VII шақырылым аудандық мәслихаттың депутаты ретінде де белсенді көзқарас, ашық пікір, азаматтық ұстанымыңызды ортаға салып, ортақ іске атсалысып жүресіз.

Сонымен қатар ұрпаққа аяулы ана, өз ортаңызда сыйлы құрбысыз.

Сізге өмірдің қуанышын, ұрпақтың рахатын, еңбектің жемісін көрген берекелі ғұмыр тілеміз.

Аудандық мәслихат депутаттар корпусы мен аппарат ұжымы



## Құрметті құдамыз Оңашев Ризабек НЫҒМЕТҰЛЫ!

Сізді мерейлі 55 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл тілейміз. Зурят құдағайымызбен бірге өсірген ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына бөленген әке-ана, ата-әже, байқуатты, ырыс-құт, бақ-береке дарыған үлкен шаңырақ иесі болып отыра беруіңізге тілектеспіз.

Ізгі тілекпен, құда-құдағайыңыз Нұрлан-Сәуле, күйеу бала-қызыңыз Тілекжан-Ризагүл, құдабалаңыз Еркебұлан, жиеніңіз Нұрслам



«SapaInvestment» ЖШС келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: «Қазақстан Республикасы, Атырау облысында орналасқан Бестерек учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстарының жобасына» ықтимал әсерлер туралы есеп, «Қазақстан Республикасы, Атырау облысында орналасқан Қошалақ учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстарының жобасына» ықтимал әсерлер туралы есеп», «Қазақстан Республикасы, Атырау облысында орналасқан Ұштаған учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстарының жобасына» ықтимал әсерлер туралы есеп».

Тыңдаулар 2022 жылы 11 сәуір сағат 10:00-да өтеді.

Өткізу орны: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, С.Көшекбаев к-сі, 2. Карантиндік жағдайларды ұзарту кезінде қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция форматында өтетін болады. Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/82693367440?pwd=VU1YSmVhZXg2dVZTTFFQ5NnhyUkJFdz09>

Конференция идентификаторы: 826 9336 7440

Кіру коды: gkQ4f

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «SapaInvestment» ЖШС, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 34/1, 7 пәтер, тел: 8 771 999 97 15, law@sapatek-group.kz

Жобаны әзірлеуші: «Geoscience Consulting» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй, блок Б, 7 этаж, 702 кеңсе, тел: 8 778 102 59 60, geosciencec@gmail.com

Құжаттама <https://ecoportal.kz> порталында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz/> сайтында қабылданады

ТОО «SapaInvestment» сообщает о проведении общественных слушаний по следующему проекту: «Отчет о возможных воздействиях к «Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Бестерек, расположенного в Атырауской области Республики Казахстан»; «Отчет о возможных воздействиях к «Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Кошалак, расположенного в Атырауской области Республики Казахстан»; «Отчет о возможных воздействиях к «Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Ұштаған, расположенного в Атырауской области Республики Казахстан».

Слушания состоятся: 11 апреля 2022 года в 10-00 часов.

Место проведения: Атырауская область, Курмангазинский район, с.Курмангазы, ул.С.Көшекбаева, 2, Аппарат акима Курмангазинского района. При продлении карантинных мер общественные слушания будут проходить в формате видеоконференцсвязи посредством платформы ZOOM. Ссылка для участия в общественных слушаниях:

<https://us05web.zoom.us/j/82693367440?pwd=VU1YSmVhZXg2dVZTTFFQ5NnhyUkJFdz09>

Идентификатор конференции: 826 9336 7440

Код доступа: gkQ4f

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «SapaInvestment» Республика Казахстан, г.Алматы, Медеуский район, проспект Достық, 34/1, кв.7, т. 8 771 999 97 15, law@sapatek-group.kz

Разработчик проекта: ТОО «Geoscience Consulting», г.Нұр-Сұлтан, пр-т Кабанбай батыра, д.19, блок Б, 7 этаж, офис 702, тел: +7 778 102 59 60, geosciencec@gmail.com

Документация размещена на портале <https://ecoportal.kz>

Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ecoportal.kz/>